

Күшін жойған нормативтік-құқылық актілер жөнінде

Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының 2009 жылдың 1 шілдесіндегі N 53-п бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 17 шілдесіндегі N 690 қаулысы мен "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңның 43-1-бабына сәйкес "Жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалану үшін операциялар жүргізу есепнамасын беру Ережесінің" бекітілуіне байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының "Жер қойнауын пайдаланушылардың табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің органдарына Келісім-шарттық аумақтардағы жұмыстар бойынша геологиялық ақпарат беру тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау Министрінің міндетін атқарушының 2000 жылғы 28 қыркүйектегі N 393-б бұйрығына өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы" 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 90-б (ҚР Әділет Министрлігінің 2005 жылғы 6 қазанда нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізімінде N 3875 тіркелген) бұйрығы күшін жойды деп есептелсін.

2. "Жер қойнауын пайдаланушылардың Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің органдарына Келісім-шарттық аумақтардағы жұмыстар бойынша геологиялық ақпарат беру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау Министрінің міндетін атқарушысының 2000 жылғы 28 қыркүйектегі N 393-б бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1272 болып тіркелген) күшін жойғаны жөніндегі бұйрықтың жобасы дайындалсын.

3. Осы бұйрықтың көшірмесі ҚР Әділет Министрлігіне жіберілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау төраға орынбасары Е.Г. Кәрібаевқа жүктелсін.

Төраға

Б. Өжкенов